# Түсінік хат

Жаңартылған білім беру мазмұны - бұл орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу. Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы барлық іс-шаралар кешені тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған.

Жаңартылған білім беру мазмұнының нәтижесі оқу жетістіктерінің өнімді сипаты болуы тиіс, ареалдық оқу процесі әр сабақта оқушылардың өздерінің «білім алу» бойынша белсенді қызметімен сипатталатын болады. Бұл жағдайда оқушы өзінің танымының субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық іс – әрекетін ұйымдастырушы болып табылады.

Қазақстандық жалпы орта білім беру деңгейі кейіннен алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана алатын, креативті жас ұрпақты тәрбиелеуді қажет ететін мемлекеттің даму міндеттеріне сәйкес келуі тиіс. Оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде жаңа тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі әлемде болып жатқан өзгерістерге себеп болды. Мұғалім оқу процесіндегі орны мен рөліне жаңа көзқараспен қарауы керек, сондықтан оның басты міндеті - оқушыларға белгілі бір білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқуға үйрету, ойлауғаүйрету, оған практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау- басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

— мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;

— оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;

— оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

— оқушының өз-өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем? деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіңе аударуға бар күш-жігерін жұмсауы керек.

**Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

-тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну;
-мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
-тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
-мәтін бойынша жоспар құру;
-тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
-мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу
-мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
-мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;

**Авторлық бағдарлама мақсаты:** Қазақ тілі пәнінде қалыптасқан тілдік дағдыларды қолдана білуге үйрету. Оқушыны тілдік білім негізінде түсінікті сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту.

Бағдарлама 5-11 сынып оқушыларына арналып жасалған.

**Міндеттері:** 1. Оқушылардың алдына түрлі проблемалық жағдайлар туғызу арқылы ойлауға, сөйлеуге түсінуге дағдыландыру.

2. Оқушыны сөйлесімдік қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне, қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени сөйлесім ерекшелігіне баулу.

3.Әдепті,сауатты сөйлеу мәдениетін арттыру, тілін дамыту, сөздік қорын байыту.

4.Оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын арттыру, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Күні | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|
| **Қазақ жазуының дамуы** | | | | |
| 1. | Қазақ қолжазбалары | 1 | | |
| 2. | Қазақ жазуы (араб жазуынан латынға, латын әрпінен кириллицаға өту) | 1 | | |
| 3. | Латын графикасына көшу – заман талабы | 1 | | |
| 4. | Руникалық жазбалар | 1 | | |
| 5. | Орхон-Енисей жазба ескерткіштері | 1 | | |
| 6. | Жазу сауаттылығы | 1 | | |
| 7. | Күлтегін жыры | 1 | | |
| **Жолың болсын жолаушы** | | | | |
| 8. | М. Мақатаев. Ертең біз жол жүреміз | 1 | | |
| 9. | Ел жаққа барамын | 1 | | |
| 10. | Алыс пенен жақынды жортқан біледі | 1 | | |
| 11. | Елім деп соғар жүрегім | 1 | | |
| 12. | Шетелге сапар | 1 | | |
| 13. | Жол жүру ережелері | 1 | | |
| 14. | Сақтықта қорлық жоқ | 1 | | |
| **Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі** | | | | |
| 15. | Көшпелілік | 1 | | |
| 16. | Көшпенділер мәдениеті | 1 | | |
| 17. | Қазақтың халық күнтізбесі | 1 | | |
| 18. | І. Есенберлин «Көшпенділер» романынан үзінді | 1 | | |
| 19. | Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері | 1 | | |
| 20. | Қазақтың соңғы ханы («Көшпенділер» романынан үзінді) | 1 | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21. | Атжарыс, ат спорты | 1 | | |
| **Заң – қоғамның тірегі** | | | | |
| 22. | Демократия және дәстүрлі қоғам заңдары | 1 | | |
| 23. | Қоғам құрған заң | 1 | | |
| 24. | Заң және мен | 1 | | |
| 25. | Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы | 1 | | |
| 26. | Заң және заман | 1 | | |
| 27. | Ата заң | 1 | | |
| 28. | Айбатыр Сейтақ «Азат елдің ар-намысы – Ата заң» | 1 | | |
| 29. | Жеті жарғы | 1 | | |
| **ҚР Тұңғыш Президент күні – Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы** | | | | |
| 30. | Қазақ хандары | 1 | | |
| 31. | Қазақстан Республикасының Президенті | 1 | | |
| 32. | Елбасымен сұхбат | 1 | | |
| 33. | ҚР Тұңғыш Президент күні | 1 | | |
| 34. | М. Ыбраев «Елбасыма» | 1 | | |
| | Барлығы | 34 сағат | | |

## Тақырыбы: Қазақ қолжазбалары

**1 тапсырма**:

«Көне қолжазбалар» деген тақырыпқа эссе жаз.

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Қажетті сөздер: қазақ тарихында, қолжазба дегеніміз, бір қиындық, қолжазбасы сақталмауы, Абай шығармаларының, Мүрсейіт қолжазбасы, кейінірек білетін, XIII ғасырдан жеткен, сияқты шығармалардың, қазақ ауыз әдебиетінде.

**2 тапсырма**:

Сұрақтарға жауап бер. Сәйкестендіріңдер.

| | | |
|---|---|---|
| Қолжазба дегеніміз не? | | Шығарманың авторлық қолжазбасы болуының үлкен мәні бар. Негізгі мәтін басылым кезінде қолжазбаның қандай өзгеріске ұшырағанын білуге, алғашқы нұсқасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. |
| Қолжазбалардың не керегі бар? | | Шығарманың авторлық қолжазбасы сақталмауы. |
| Ерте кездегі әдебиетті зерттеу қиындығы неде? | | Әдеби шығарманың автордың өз қолымен жазылған түпнұсқасы. |
| Ең көне қолжазба қай ғасырдан жеткен? | | XIII ғ. |
| Қандай аударма нұсқалары бар? | | Шығыс халықтарына кең тараған шығармалардың аударма нұсқалары, ғашықтық жырлар, дастандар қазақ ауыз әдебиетінде осы күнге дейін сақталған. |

**Тақырыбы: Қазақ жазуы (араб жазуынан латынға, латын әрпінен кириллицаға өту)**

**1 тапсырма**:
Сөздерді сұрағына қарап, септе.
Атау септік кім? ғалым, зерттеуші
Ілік септік кімнің? ғалым_______, зерттеуші_______
Барыс септік кімге? ғалым_______, зерттеуші________
Табыс септік кімді? ғалым_______, зерттеуші________
Жатыс септік кімде? ғалым_______, зерттеуші________
Шығыс септік кімнен? ғалым_______, зерттеуші_______
Көмектес септік кіммен? ғалым_______, зерттеуші_______

**2 тапсырма**:
«Қазақтың жазу жүйесі» деген тақырыпқа эссе жаз.
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

**3 тапсырма:**

Бос орындарға қажетті жалғауларды жазып, жікте.

| **Өткен шақ** | **Келер шақ** |
|---|---|
| I Мен араб жазуын қолданды-<br>II Сен араб жазуын қолданды-<br>II Сіз араб жазуын қолданды-<br>III Ол араб жазуын қолданды<br>I Біз төл дыбыстарды талқылады-<br>II Сендер төл дыбыстарды талқылады-<br>II Сіздер төл дыбыстарды талқылады-<br>III Олар төл дыбыстарын талқылады | I Мен араб жазуын қолдана-<br>II Сен араб жазуын қолдана-<br>II Сіз араб жазуын қолдана-<br>III Ол араб жазуын қолдана-<br>I Біз төл дыбыстарды талқылай-<br>II Сендер төл дыбыстарды талқылай-<br>II Сіздер төл дыбыстарды талқылай-<br>III Олар төл дыбыстарын талқылай- |

**Тақырыбы: Латын графикасына көшу – заман талабы**

**1 тапсырма**:

«Қазақ тілінің латын графикасына ауысуы» деген тақырыпта эссе жаз.

__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________________

**2 тапсырма**:

Сөйлемдегі сөздерге керекті шақтардағы етістіктіктерді қой.

Бүгінде мамандар латын әріпіне негізделген қазақ әліпбиін _________________________Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбимен _________________________Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция _________________________Латын әліпбиін енгізуде осындай бастапқы жұмыстар _________________________.

*Қажетті сөздер: жазылып жүр, жасап жатыр, орнатылған, атқарылып отыр.*

**3 тапсырма**:

Сұрақтарға диалог мазмұнына сай жауап бер.

| | |
|---|---|
| Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жайлы ұсынысты кім айтты? | — Әріптер өзгергенімен дыбысталуы өзгермейді. Ең бастысы, төл әріптеріміз өз үндестігін табады деп ойлаймын. |
| – Қазір қандай жұмыстар жүргізілуде? | – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынысы. |
| – Қашан латын әліпбиіне толық көшеді? | – 2025 жылдан бастап әліпбиіміз толық латын әрпіне көшеді. Бұл – мемлекет тарапынан, халықтың қолдауымен шешілген мәселе. |
| – Не үшін осындай шешім қабылданды, неге кириллицамен жүре бермедік? | – Қазірдің өзінде қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстары басталды. |
| – Мен латынша білмеймін, жазылған сөзді қалай түсінемін? | – Бұл – болашақ мәселесі. Еліміздің әлемдік өркениеттің қарқынды дамуына, жаһандану үдерісіне еркін араласуына, ең бастысы, қазақ тілін заманауи талапқа сай жаңғырту барысында тиімді болмақ. |

**Тақырыбы: Руникалық жазбалар**

**1 тапсырма**:
«Көне түркі жазуы» тақырыбына шағын эссе жаз.

Көне түркі жазуы

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

**2 тапсырма**:
Грамматикалық тапсырмаларды орында.
1) Сөйлемнен «нені?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жаз. Көне түркі жазуларынан қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, географиясын, мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрпы мен дүниетанымын білуге болады.
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

2) Сөйлемнен «қайдан?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жаз. Руникалық жазбалар Енисей, Лена, Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр, Ертіс пен Іле өзендерінің бойынан табылған.
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

**3 тапсырма:**
Сөздердің арасынан өздік етістерді тауып белгіле.
Дұрыс жауап саны: 5

*Жазылды, болды, қашалынды, білінді, сақталынды, жасалынды, ойылды, жатады, қалдырды, қалыптасты, оқылды, айрылды, жүйеленді, табылды, болады, кетті, жатыр.*

**Тақырыбы: Орхон-Енисей жазба ескерткіштері**

**1 тапсырма**:

Орхон жазбалары жайлы не білесің? Ол қайдан табылды? Оны кімдер зерттеді? Жыр не жайлы? деген сұрақтарға жауап бере отырып «Орхон жазбалары» деген тақырыпқа 8–10 сөйлемнен тұратын мәтін құра.

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

**2 тапсырма**:

Бос орындарға керекті сөздерді қой.

Күлтегін» жырының авторы –____________________________________Түрік қағанаты тарихында____________________________ _______тұлғасы да ерекше орын алады. Ол Елтеріс және Білге қағандарға____________________________________болған. Тоныкөк елді ойлайтын_______________________________ретінде сипатталады.Түрік қағанатына төрт жағынан жау келгенде, Тоныкөк................................... ақылымен, тапқыр сөзімен, батырлық ісімен көмектесіп отырған. ____________________________________ішінде «Тоныкөк» жыры ерекше орын алады. Бұл жырдың авторы бөлек, оны Тоныкөктің өзі ____________________________________деген болжам бар.

Қажетті сөздер: қағандарға, Йоллығтегін, Орхон жазбаларының, Тоныкөк, кеңесші, дана қарт, жазған.

**3 тапсырма**:

Етістіктерге зат есімдерді тіркеп жаз.

_________________ деп аталған.

_________________ оқылды.

_________________ зерделенді.

_________________ қашалды.

_________________ көрінді.

Қажетті зат есімдер: кітап, тасқа, Орхон, ескерткіштер, мәліметтер.

**Тақырыбы: Жазу сауаттылығы**

**1 тапсырма**:

Сұрақтарға астында берілген сөйлемдер негізінде жауап жаз.

| | |
|---|---|
| Сауаттылық нені талап етеді? | |
| Сауатты жазу үшін нені түсінуі керек? | |
| Жазуды қалай бастап үйренген дұрыс? | |
| Көркем жазу дағдысы қалай қалыптасады? | |
| Әдемі жазу – не? | |
| Көркем жазудың ұтымдылығы неде? | |
| Дәптерге, тақтаға жазудың пайдасы неде? | |
| Жазу барысында қандай қателер көп орын алады екен? | |
| Мұның бәрін қандай баға беріледі? | |

*Таза , анық, қатесіз, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай.*
*Әдемі жазу – өнер.*
*Мұның бәрі сауаттылықтың жоқтығын білдіреді.*
*Сауаттылық жауапкершілікті және көп еңбек етуді талап етеді.*
*Жазуды жазылуы оңай әріптерден бастап үйренген дұрыс.*
*Адамдардың көбі мәтіндегі жаңа ой басталатын жерде азат жолдан бастап жазуды білмейді. Кейбір адамдар ұқсас дыбыстарды шатастырады. Ал біреулер өз ойын толық жеткізіп жаза алмайды.*
*Тақтаға, дәптерге көбірек сөйлемдер жазғызу пайдалы.Себебі өздері жазған сөйлемнен кеткен қателерін өздері табады.*
*Адам сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді түсінуі керек.*
*Осындай талаптарды орындау негізінде көркем жазу дағдысы қалыптасады.*

**2 тапсырма**:

Сөздердің жалғауларын дұрыс жалға. Атау септік (не?) сауаттылық Ілік септік (ненің?) сауаттылық_______________________________________________________
Барыс септік (неге?) сауаттылық_____________________________________________________
Табыс септік (нені?) сауаттылық______________________________________________
Жатыс септік (неде?) сауаттылық____________________________________________________
Шығыс септік (неден?) сауаттылық_____________________________________________
Көмектес септік (немен?) сауаттылық___________________________________________

**Тақырыбы: Күлтегін жыры**

**1 тапсырма**:

Төмендегі сөйлемдердегі етістіктерді өздік етіс формасына өзгерт.

***Өздік етіс***

Қимылдың іс-әрекеттің орындаушысына, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты етістіктерден -ын, -ін, -н жұрнағы жалғану арқылы жасалатын етістің түрі өздік етіс деп аталады. Мысалы: Таң атқанша тарандық. Оқушылар ерте тұрып жуынды.

1. Ата-баба жолы мен салт-дәстүрін ұстайды.
Ата-баба жолы мен салт-дәстүрін__________________.
2. Бумын қаған мен Істемі қаған ісіне ел сүйсінді__________________.
Бумын қаған мен Істемі қаған ісіне ел__________________.
3. Батырлар ел қорғауға бекем болды__________________.
Батырлар ел қорғауға_________________.
4. Түркітанушылар екі құлпытастағы жазуларды көпке дейін оқи алмағанына__________________.

**2 тапсырма**:

Тақырып бойынша 8-10 сөйлемнен тұратын эссе жаз.

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

Қажетті сөздер: *Күлтегін жазуы, Орхон өзенінің, айдаһардың суреттері, XIX ғасырда, құпия жазуларды, «кіші жазу», «үлкен жазу», адам баласының жаралуынан, Көк тәңірі, Білге қаған мен Күлтегін батыр, қуатты мемлекет.*

**3 тапсырма**:

Адасқан буындарды дұрыс орналастыр.

те / Күл / гін ____________________________________
кіш / ес / керт / тің____________________________________
зе / ні / ө / нің ____________________________________
ла / да / қыр / рын____________________________________
һар / ай / да / дың____________________________________
ген / бей / не / лен____________________________________
кі / ну / лар / тұр / та / шы ____________________________________

**Тақырыбы: М. Мақатаев. Ертең біз жол жүреміз**

**1тапсырма**:

**Сұрақтарға жауап бер.**

| | |
|---|---|
| ***«Ертең біз жол жүреміз» өлеңі. М. Мақатаев***<br>Жасың бар, жігіт-желең, шалдарың бар,<br>Ертең біз жол жүреміз, қамданыңдар!<br>Жол ұзақ, биік асу, сапар алыс,<br>Жаз өтер, күзде кетер, тақалар қыс.<br>Қамданыңдар, Болашақ деген елге,<br>Қандай біз сый-сияпат апарамыз.<br>Қорқауды, өсекшілді қатарға алма,<br>Кеселін тигізеді сапарға алда.<br>Не бетімізді айтамыз Болашаққа,<br>Жат қылықты қалдырмай апарғанда,<br>Жамандық атаулыны қалдырыңдар,<br>Суға батыр, отқа өрте, жандырыңдар.<br>Болашақ деп аталған өлмес-өшпес,<br>Жақсылықтан жасалған тағдырың бар.<br>Қыз-қырқын, жігіт-желең, шалдарың бар,<br>Ертең біз жол жүреміз, қамданыңдар.<br>...Тірі жетсең, Болашақ өзі айтады,<br>Қайсыңның қанша пұттық салмағың бар. | • Халық қайда жиналып жатыр?<br>• Халық қандай жолға шығады?<br>• Халық қандай асулардан өтеді?<br>• Халық қандай сапарға жиналғалы жатыр?<br>• Қорқақтарды, өсекшілерді неге сапарға алып шықпайды?<br>• Болашаққа кімдер барады?<br>• Болашақ нені айтып береді? |

**2 тапсырма**: **Автор өлеңде қандай мәселені көтерген? Сұрақтарға жауап сәйкестір.**

| | | |
|---|---|---|
| Ақын Болашаққа нені апармаңдар дейді? | | «Жамандықты суға батыр, отқа өрте, жандырыңдар», – деп үндеуді. |
| Ол үшін қандай іс-әрекет жасау керек? | | «Болашаққа таза жүрекпен барыңдар, жаман әдеттерді, нашар қасиеттерді артта қалдырыңдар» |
| Автордың ондағы мақсаты не? | | Болашаққа өнегелі істер, жақсы жаңалықтармен қадам басатын, білімді, тәрбиелі ұрпақ өмірін көру. Болашаққа тұтас ел барады, кімнің қанша пұттық үлесі барын болашақ анықтайды. |

## Тақырыбы: Ел жаққа барамын

**1 тапсырма**:
Ауыл тіршілігі мен қала тіршілігін сипатта

| Ауыл | Қала |
|---|---|
| | |

1. – елді мекен.
2. Қалада көлік өте көп.
3. Қалаға қарағанда ауылдағы адам саны азырақ.
4. Ауылдың табиғаты әсем, ауасы таза.
5. Көліктерден шыққан улы заттар ауаны ластайды.
6. Онда көліктер де аз. Улы заттар жоқ. Ауыл адамдары өз бау-бақшаларының өнімін қолданады.
7. Ауылдағы ет, сүт өнімдері де – табиғи таза өнімдер.
8. Ауыл тіршілігі тыныш, қаланың шулы өміріне ұқсамайды.
9. Қалада өндіріс орындары да жеткілікті.
10. Олар да адамдарға орасан зиян келеді.
11. Көлік кептелісінде тұрып шаршамайды. Табиғаттың бар тамашасы көз алдында.
12. Қала адамдары жылыжайда өсірілген, тасымалданып әкелінген жеміс-жидектерді қолданады.
13. Арнайы табиғат аясына серуендеп шығудың қажеті жоқ. Ауыл табиғатынан шабыт аласың, күш жинайсың. Жаз айларында ауыл жаққа барғым келеді.
14. Ал қалада бұл өнімдерді сатып алады.

**2 тапсырма**:
«Ауылға барғым келеді» тақырыбына диалог құрастыр.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

## Тақырыбы: Алыс пенен жақынды жортқан біледі

**1тапсырма**:
Жолаға шыққан жолаушыға қандай сөздер айтады?

- Жортқанда жолың болсын!
- Әрқашан жолың ашық болсын!
- Сапарың оң болсын! Ақ жол болсын!
- Бір жол бар алыс, алыс та болса жақын.
- Бір жол бар жақын, жақын да болса алыс.
- Сәтті күні әрқашан,
- Маған сен де жолға шық.
- Жол боламын атақты,
- Жолың болар, жолаушы,
- Білсең жолдың ұғымын.
- Жолың болсын, жолаушы,
- Жол аталған ұғыммын.
- Жылдамдық пен уақыт,
- Сыйлайды маған көп бақыт.

**2 тапсырма**:
Бос орындарға қажетті сөздерді жазу арқылы сөйлемді толықтыр.

Алыстағы________________________бара жатырмыз. Жақыннан гөрі___________ таңдадым. Қонақтар________________келіпті.________________________келгенде қуанышымды жасыра алмадым.________________сапарға жиналғанда үлкендерден бата сұрайды. Көлікпен барсаң,__________________жер.

Қажетті сөздер: алысты, жақындарымызға, жақындарым, алыстан, жақын, алыс.

**3 тапсырма**:
Мәтінді мұқият оқып шық. Мәтіннің мазмұнын ашатын мақалдың құрамындағы сөздердің орнын дұрыс орналастыр. Мақалды жаттап ал.
Адамның өмірі – ұзақ жол. Адам бірде алыс, бірде жақынға сапар шегеді. Алысқа сапарға шықса, ұзақ жол жүреді. Көп нәрсені көреді, біледі. Өзіне жақсы жағын алады. Көрген, білгенін айтады. Алыс сапардың қиыншылықтарын, қызықты жақтарын есте қалдырады. Жақынға сапар шегіп те көп әсер алуға болады. Сапарға көп шығатын адамдар басқа елдің, қаланың, жердің өмірімен танысады. М. Таныс адамың шетелге барып келсе, адамдары қандай, ауа райы қандай, тағамдары қандай, қандай жерлерге баруға болады деген сұрақтар қоямыз. Ол көргенін айтып береді.

**Тақырыбы: Елім деп соғар жүрегім**

**1 тапсырма**:
Өлең жолдарымен жауап бер.
Бабалар кімдердің бостандықта және тәуелсіз өмір сүруін аңсады?

Қазақстаным жасыл орманым,
Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау асыл арманың.
Арайлап таңым, асқақтап көгім,
Ән ойнап көгім, күй тартты елім.
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,
Жасай бер, жаса, Қазағым менің!
Ұрпақ үшін, ел үшін,
Атамекен жер үшін.
Берекең мен бірлігің,
Таси берсін ырысың.

**2 тапсырма**:

«Елім деп соғады жүрегім» эссе жаз

___________________________________________________________________________

**3 тапсырма**:

Сұраққа жауап бер. Өлеңде кімді сағынып келе жатыр?

| | |
|---|---|
| ***Айналдым, елім***<br>Сөзі: Сағи Жиенбаев<br>Әні: Ескендір Хасанғалиев<br>Сағындым сені, сағындым белді,<br>Көкорай шалғын, қоғалы көлді.<br>***Қайырмасы:***<br>Жайқалған көгі, жазира далам,<br>Алыстан аңсап келемін.<br>Айналдым елім, аяулым менің,<br>Сағындым сені, туған жер.<br>Жағасы жайлау, даласы көркем,<br>Аспаны биік, армансыз өлкем.<br>***Қайырмасы:***<br>Нұрындай күннің, гүліндей қырдың,<br>Сағындым сені, балауса құрбым.<br>***Қайырмасы:*** | Дұрыс жауап саны: 2<br>Елін, туған жерін сағынып келе жатыр.<br>Ата-анасын сағынып келе жатыр.<br>Кішкентай кезінде бірге ойнаған құрбысын сағынып келе жатыр.<br>Аға-жездесін сағынып келе жатыр.<br>Көршісін сағынып келе жатыр. |

## Тақырыбы: Шетелге сапар

**1 тапсырма**:

***Қазақстан азаматтары шетелге шыққанда қандай ережелерді білу керек?***

Басқа мемлекеттің аумағына кіру үшін виза керек. Оны алу үшін сол мемлекеттің Қазақстандағы дипломатиялық өкілдігіне өтініш жасайсыз. Консулдық мекемесіне өтініш жасай аласыз. Жақсы білетін турагенттік арқылы алдын ала (1-2 ай бұрын)

өтініш жасай аласыз. Визаны алмай тұрып, жол жүру билеттерін алудың қажеті жоқ.
Виза алғаннан кейін ондағы мәліметтердің дұрыстығын: төлқұжатыңыздың нөмірін, атыңыз бен тегіңізді, туған күніңізді, визаның санаты мен мерзімін, шет мемлекетінде қанша күн болуға рұқсат берілгенін тексеріңіз. Есіңізде болсын, басқа бір адамның визада жіберген қателігінен шет елге кірген кезде де, сол жерде жүрген кезде де қиындықтар тууы мүмкін.

Дұрыс жауап саны: 5

- Паспортымның нөмірін тексеремін.
- Ұялы телефонымның байланысын тексеремін.
- Аты-жөнімнің дұрыс жазылғанын тексеремін.
- Виза қанша мерзімге берілгенін тексеремін.
- Уақыттың қанша болғанын қараймын.
- Жеке куәлігім мен визадағы мерзімдердің сәйкестегін тексеремін.
- Шетелде қанша күн болуға рұқсат берілгенін қараймын.
- Туған күнім, жылымның дұрыс жазылғанын тексеремін.

**2 тапсырма**:
Осы мәтін бойынша екі құрбының диалогін құрастыр.

*Шетелге не апарамын? Елімнің мәдениетін қалай шетелдіктерге көрсетемін? Абайдың өлеңдерін шетел тіліне аударылған апарсам ба екен? Әлде елімнің көркем жерлерінің суреттерін жинақ етіп сыйласам ше? Мен жақсы ән айтамын. Қазақ билерін де билеймін. Иә, әртүрлі шараларға жан-жақты дайын болып барған жөн*

__________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

Тақырыбы: Жол жүру ережелері

**1 тапсырма**:
Өзіңнің іні-қарындастарыңа, достарыңа, бауыр, сіңлілеріңе кеңес жаз

| | |
|---|---|
| Мұқият, асықпай, ойланып, ұялы телефонға алаңдамай | |
| Тез, ойланбай, асығып, жүгіріп, жүргізушіге сенім артып | |

**2 тапсырма**:
Тұйық етістіктерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құра. Мысалы: Жол жүру ережелерін жақындарыңа, достарыңа үнемі ескерту орынды. Қауіпсіздік белбеуін тағу міндетті. ____
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___

Қажетті тұйық етістіктер: ескерту, тағу, сақтандыру, аладату, ашу, шығару, кию, кию.

Тақырыбы: Сақтықта қорлық жоқ

**1 тапсырма**:
«Сауысқаннан сақ бол» мақалының мағынасы. Сұрақтардың орнына сөздер қой. Сауысқан – (қандай?) құс. Сауысқанды (қандай?) деп те атайды. Кішкентай ұстарға қауіп төнсе, оларға (қалай?) дауыс береді. (қашан?) үйдің жанына (не?) келіп шықылықтаса, қонақ келеді деп болжаған. Орманның (қандай?) құсы деуге де болады. Ағаштарды (неден?) тазалайды. Сақтығы сонша, орнын тез (не істейді?).

Қажетті сөздер: санитар, шықылықтап, өте сақ, хабаршы құс, құрттардан, сауысқан, ауыстырады, ертеде.
**2 тапсырма**:

«Сақ бол» сөзінің синонимі «абай бол». Осы сөздерді кезек-кезек қолданып, диалог құрастыр. Мысалы: – Жаңа жылдық отшашуды жаққанда сақ бол. – Көшеден өткенде абай бол.

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

Тақырыбы: Көшпелілік

**1 тапсырма**:

Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Көшпелілік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан даму жүйесі. Көшпелілер тайпалық одақтар құрды. Эволюциялық жолмен дами бастады. Көшпелілер мал жаюдың тәсілдерін жетілдірді. Егін егіп, игерілмей жатқан жерлерді пайдаға асырды. Мал бағу, аң аулау, балық аулау, егін егу көшпелілердің үйреншікті ісіне айналды.

Көшпелілерде туысқандық, рулық байланыстар аса құнды болып есептелінді. «Атақоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті болды. Көшпелілер үшін қоршаған орта киелі таулардан, өзендер мен көлдерден, ата-бабалары жатқан жерден басталады.

Көшпелілер климат ерекшеліктерін ұтымды қолданған. Орманды-далалы алқапты, таулы өңірді қыстау ретінде пайдаланған. Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана көшпелілердің материалдық игілігін қалыптастырды. Табиғатпен үйлесімде өмір сүрген көшпелілерде рухани дүниесі бай, қиялы жүйрік, қиындыққа мойымайтын дала перзенттері қалыптасты.

Көшпелі қауымдастықта қоғам тіршілігіне қажетті барлық мамандық иелері болды. Олар ұста, өрімші, атбегі, құсбегі, балгер. Көшпелі қазақ қоғамында темір ұсталардың дүниесін қасиетті санаған. Қару-жарақ, еңбек құралдарын темір ұсталары жасаған. Өрімші киіз үйдің ағаш сүйегін, ат әбзелдерін жасаған. Атбегі ат баптаған, құсбегі құс баптаған. Балгерлер ем жасаған. Әнші, күйшілер халық көңілін көтерген. Шешендер ел дауын шешкен.

| | |
|---|---|
| Мәтін не туралы? Көшпелілер дегеніміз кімдер? | Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана көшпелілердің материалдық игілігін қалыптастырды. Табиғатпен үйлесімде өмір сүрген көшпелілерде рухани дүниесі бай, қиялы жүйрік, қиындыққа мойымайтын дала перзенттері қалыптасты. |

| | |
|---|---|
| Көшпелілердің материалдық игіліктері қалай қалыптасқан? | Мәтін көшпелілер туралы. Көшпелілер-көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан даму жүйесі |
| Көшпелілер өмірінде маңызды рөл атқарған кәсіптер қазіргі кезде де сақталды ма? | Атадан мұра болып қалған кәсіптер қазір де жалғасын табуда. Халық атбегілік, құсбегілік кәсібімен айналысады. Киіз үй құрылымын бүгінгі заманға сай қолдануда. Темір мен ағаштан жасалған түрлі бұйымдар қолданыста. Әнші, күйшілер халық әндерін орындайды. |

**2 тапсырма**:
«Көшпелілік» туралы түсінгеніңді өз сөздеріңмен жеткіз.

Көшпелілік

_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

Тақырыбы: Көшпенділер мәдениеті

**1 тапсырма**:

***Көшпенділер мәдениеті***

Кең далада жүрген ежелгі қазақ халқының ең салтанатты шеруінің бірі – көшіп-қону. Ата-бабаларымыз көш көліктеріне түйені, жылқыны, өгізді пайдаланған. Көшті көпті көрген, жолды білетін, орта жастан асқан азамат бастаған. Одан кейін ауыл ақсақалдары жүріп отырған. Ақсақалдардан кейін ауыл аналары салт жүріп отырған. Жастар соңында жүріп отырған. Қазақтар салтанатты шерумен көшкен. Көшкенде жұртын тазалап, ақ тамызып кеткен. Көш осылай жалғасып отырған. Бұл да көшпелілердің сыйластық мәдениетін сақтағанын көрсетеді.
Амандасу мәдениеті де ерекше болған. Ер адамдар қол беріп амандасқан. Жастар үлкен кісілердің қолын түсірмей, алақанында қысып амандасқан. Әйел адамдар бас изеп амандасқан. Жас әйел адамдар иіліп сәлем берген. Көшпенді халық қалыптастырған мәдениет жалғасын тауып келеді.

| | |
|---|---|
| Мәтін не туралы? Көшпенділерде қандай мәдениет қалыптасқан? | Жастар үлкендерге ерекше құрметпен амандасқан. |

| | |
|---|---|
| Көшпелілер үшін көшіп қону қандай салтанат? | Көшпенділер үшін көшіп-қону ерекше салтанатпен өткен. |
| Амандасу мәдениетінің ерекшелігін айт. | Көшпенділерде рухани және материалдық мәдениет қалыптасқан. |

**2 тапсырма**:
Берілген қажетті сөздермен сөйлем құрастыр.

_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________

Қажетті сөздер: атқа міну мәдениеті, шаңырағың биік болсын, рухани мәдениет, салтанатты шеру, зергерлік бұйымдар, көшпенді халық.

## Тақырыбы: Қазақтың халық күнтізбесі

**1 тапсырма**:
Айтылатын ойға тірек болатын сөздерді пирамидаға төменнен жоғарыға қарай орналастыр.
Қазақтың халық күнтізбесі – табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибесінің қорытындысы. Жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы. Табиғат құбылыстарының қайта айналып келуін, күн мен түннің, жыл мезгілдерінің (жаз, қыс, күз, көктем) алмасуы, жаңа айдың тууы мен толуын, жұлдыздардың орналасу тәртібін мұқият бақылап, есептеп, ұғынудың қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы үшін маңызы зор болды.
Қазақтар байырғы күнтізбе арқылы уақытты, мезгілді бақылап отырған. Жайлауға қай уақытта көшу, күзеуге және қыстауға қай уақытта қайту, қой мен қозыны қырқу, мал төлдету, соғым сою, егін егу, шөп шабу секілді шаруашылық жұмыстарын жүргізу мезгілдерін есептеп отырды. Бұл есептен жаңылу шаруашылыққа зиянын тигізуі мүмкін. Мысалы, мал төлдетуге дайындық ісі ерте қолға алынса – мал суық айларда төлдеп шығынға ұшырайды, кеш басталса – қой қысыр қалады немесе төл кенже туып, жетіліп үлгермей қыс түседі. Мұндай жайттар уақыт есебін мұқият білуді, айналадағы табиғат құбылыстарын қатаң бақылап отыруды қажет етті.
Табиғат құбылыстарын, қоршаған ортаны, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көпжылдық тәжірибесінде жинақталған, қорытылған, зерделенген астрономиялық құбылыстар мен білімдер жүйесінің негізінде қазақ күнтізбесі қалыптасты. Бұл күнтізбе кең далада мал бағуға, көшіп-қонуға, жол жүруге, аң аулауға, төрт құбыласын айыруға, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап бағыт-бағдарды ажыратып, өткел, суат, қоныс, құдықтарды адаспай табуға

көмектесті. Халық арасында ауа райын болжайтын және уақыт есебімен шұғылданатын арнайы есепшілердің білім-тәжірибелері атадан балаға мирас болып отырды.

Есепшілер көптеген ұрпақтардың білім тәжірибесін жинақтап, жыл сайын табиғат құбылыстарына бақылау жүргізіп, күн райын болжады. Олар қазақ күнтізбесінің толық жыл есебін жүргізді, маусымдық жұмыс кезеңдерін белгіледі, қыстың қандай болатыны туралы болжам жасады. Әр айдағы ауа райының шұғыл бұзылатын кезеңдерін, яғни үш, бес күндік амалдарды алдын-ала болжап, жұртқа хабарлап отырды. Сонымен қатар қазақ қауымы планеталарды, жұлдыздарды жаңылыспай таныған. Олар жайында өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарған.

- Қазақ күнтізбесі
- Халықтың көпжылдық тәжірибелерінің қорытындысы
- Байырғы қазақ күнтізбесі
- Табиғат құбылыстарын бақылаудан туған
- Табиғат, астрономиялық түсініктер туралы білімдер жинағы

**2 тапсырма**:

«Қазақтың халық күнтізбесі туралы не білесің» тақырыбына эссе жаз. Төмендегі сұрақтардың жауабын тапсың, эссе жазу жеңіл болады.

1) Қазақ күнтізбесі ненің жинағы?

2) Неге қазақ күнтізбесінің маңызы зор болған?

3) Қазақтың байырғы күнтізбесі нені бақылап отырған?

4) Есептен жаңылысу неге қауіпті болған?

**Тақырыбы: І. Есенберлин «Көшпенділер» романынан үзінді**

**1 тапсырма**:

Мәтінді оқып шығып, Бұқар жыраудың Абылай ханның түсін жорығында, кімдер туралы айтқанын сызбаға қарап болжап көр. «Аяқ жағында тұрған үрім-бұтағыңның ішінен бірі құран оқып, бірі қанжар қайраса, Уәлидің ұрпағынан шыққан бір тұқымыңның аты қағазда, ал Қасымнан туған бір балаң атағын майданда қалдырады екен».

Абылай – Уәли – Шыңғыс – Шоқан – Абылай – Қасым – Кенесары

________________________________________________________________________________________________

**2 тапсырма**:
«Көшпенділер» трилогиясы қандай романдардан тұрады?

1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1974 жылы «Жанталас» романдарын жазып, жарыққа шығарды. Кейін бұл үш роман біріктіріліп, «Көшпенділер» деген атпен трилогия болып басылып шықты.

- «Маңғыстау майданы», «Аманат», «Аққу құстың қуанышы»
- «Алтын Орда», «Айқас», «Қатерлі өткел»
- «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар»

Тақырыбы: Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері

**1 тапсырма**:
Кестені толтыр.

| Сөз тіркестері | Синоним | Антоним |
|---|---|---|
| Антқа адал болу | | |
| Ұжымдық жауапкершілік | | |
| Опасыздық жасамау | | |
| Бұйрықты сөзсіз орындау | | |

**2 тапсырма**:
Мәтін не туралы?

Әскерлер негізгі үш жікке бөлінген: соғысатын әскер, басқару қызметі, шаруашылықпен айналысатын әскер. Әскери бөлікке жауынгерлер, батырлар, сардарлар жатқан.

A. Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери өнері туралы
B. Патша әскерінің әскери өнері туралы
C. Көшпенділердің әскери өнері туралы

Тақырыбы: Қазақтың соңғы ханы («Көшпенділер» романынан үзінді)

**1 тапсырма**:
Кестені толтыр.

| ***Білу***<br>Мәтін не туралы? | ***Түсіну***<br>Кенесары кім үшін ерлік жасап, басын өлімге тікті? | ***Қолдану***<br>Кенесары ханның көтерілісіне қандай баға бересің? |
|---|---|---|
| | | |

***Қажетті сөйлемдер:***

A. Мәтінде Кенесары хан үш жүздің басын қосқысы келді. Ұлт-азаттық қозғалысын бастады. Жауына ұстатпай, қазақ даласын мекен етті.
B. Кенесары ханның көтерілісі тарихта Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрес ретінде қалды. Кенесары – тарихи тұлға, ұлт азаттық қозғалысының көсемі.
C. Кенесары ұрпақтарының тәуелсіз өмірі үшін күресті. Ұрпақтары үшін өлуге де дайын болды. Ұрпақтарының өзін айтып жүретініне сенімді болды.

**2 тапсырма**:
. «Қаһар» сөзіне синквэйн дайында.
1) 1 Зат есім. ____________________
2) 2 Сын есім. ______________________________________
3) 2 Етістік.____________________________________________
4) Сөйлем.___________________________
5) Синоним. _____________________

Тақырыбы: Атжарыс, ат спорты

**1 тапсырма**:
Атқа байланысты айтылған тұрақты сөз тіркестерін синонимдерімен сәйкестендір

| | | |
|---|---|---|
| Ат жалын тартып мінді | | Алыс жер |
| Ат мінгізіп, шапан жапты | | Көңілсіз |
| Ат үсті қарау | | Азамат болды |
| Ат шаптырым жер | | Жиі келді |
| Аты бәйгеден келгендей қуанды | | Құрмет көрсетті |
| Ат ізін суытпай келіп тұрды | | Қуанды |

**2 тапсырма**:
Жылқы малын ең алғаш қолға үйреткен қай халық?

Біздің ел ертеден-ақ жылқы баққан,
Қолға алғаш үйретіп, ноқта таққан.

A. Көшпелілер жылқыны қолға үйретіп, асауды бағындырған.
B. Арабтар тұлпарды ең алғашқолға үйреткен.
C. Ағылшында жылқы малын XVII ғасырдан бастап қолға үйреткен.

Тақырыбы: Демократия және дәстүрлі қоғам заңдары

**1 тапсырма**:
Ақпараттың дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

- Билік ұғымының қазақи санада бір ғана мағынасы болды.
- Билік ұғымы билік айту, билік құру мағынасында қолданылды.
- Дәстүрлі қазақ қоғамында халық билігі маңызды болмаған.
- Халық билігі дегеніміз – демократия.
- «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» деп Әйтеке би өсиет айтқан.
- Қазақ қоғамындағы билер – көбінесе сот қызметін атқарған.

**2 тапсырма**:
Мәтіннен ырықсыз етісі бар сөйлемдерді тап.
Билік ұғымының қазақи санада бірнеше мағынасы болды. Билік ұғымы кең мағынада қамқорлықпен, парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылады. Ол бағыт-бағдар беру, жол көрсету ретінде түсіндірілді. Екіншіден, бұл ұғым билік айту, билік құру мағынасында қолданылды, яғни ақыл беру, кеңес беру, бірлесіп ортақ шешім шығару дегенді білдіреді. Сондай-ақ сот жағдайларында да бұл ұғым кең қолданылады. Үшіншіден, ел басқару мүмкіндігіне ие болу, халыққа басшылық жасау, билік орнату дегенді білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында халық билігі өте маңызды рөл атқарған. Халық билігі ұғымы хан билігі, сот билігі, әскери билік ұғымдарымен қатар мемлекеттік билік түсінігін құрайды. Демократия – халық билігі. Қазақ даласында да демократияның өзіндік

ерекшеліктері болған. Халық билігі ең алдымен құқықтық принциптерден көрініс тапқан. Оны Төле бидің: «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» – деген өсиетінен байқауымызға болады. Қазақ даласында билер билігі де елеулі рөл атқарған. Олар көбінесе сот қызметін атқарған, яғни мал-мүлік дауын, жер дауын, жесір дауын, ар дауын, жан дауын шешуге, билік айтуға тырысқан. Бидің қазақ қоғамындағы орны ханнан да жоғары болатын.

**Дұрыс жауап саны: 3**

- Бидің қазақ қоғамындағы орны ханнан да жоғары болатын.
- Олар көбінесе сот қызметін атқарған, яғни мал-мүлік дауын, жер дауын, жесір дауын, ар дауын, жан дауын шешуге, билік айтуға тырысқан.
- Екіншіден, билік ұғымы билік айту, билік құру мағынасында қолданылды.
- Ол бағыт-бағдар беру, жол көрсету ретінде түсіндірілді.
- Билік ұғымы кең мағынада қамқорлықпен, парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылады.
- Демократия – халық билігі. Қазақ даласында да демократияның өзіндік ерекшеліктері болған.
- Сондай-ақ сот жағдайларында да бұл ұғым кең қолданылады.
- Билік ұғымы кең мағынада қамқорлықпен, парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылады.

Тақырыбы: Қоғам құрған заң

**1 тапсырма**:

Мәтін мазмұны бойынша «Дұрыс/Бұрыс» ақпаратты белгіле.

- Көшеде тәртіп бұзбай, тазалық сақтау керек.
- Орынсыз ысқыруға болады.
- Мектептің мүлкіне ұқыптылықпен қарау керек.
- Сабақ үстінде бірыңғай талап ережелерін сақтамау керек.
- Қонақта отырғанда сыпайылық сақтап, артық, мағынасыз әңгіме айтпау керек.
- Қоғамдық көлікте үлкен адамдарға, балалы адамдарға орын беру керек.

**2 тапсырма**:

Ребусты шеш

’’ ’’’




М

’’’’ ’’’’’’ ’’





Ю=Ң ’’’’




Тақырыбы: Заң және мен

**1 тапсырма**:

Сәйкестендір.

| | | |
|---|---|---|
| Отбасылық | | құқықтары |
| Қарым-қатынас | | құқық |
| Бала | | беру |
| Қамқоршы | | органдар |
| Мүліктік | | жасау |
| Білім | | тәрбие |

**2 тапсырма**:

«Бала құқықтары» тақырыбына кластер құра.




Тақырыбы: Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы

**1 тапсырма**:

Мәтіннен ырықсыз етісі бар сөйлемдерді теріп жаз.

Қасым сұлтан – 1511 жылдан бастап хандық билікті қолына алды. Қасым ханның кезінде Қазақ хандығы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыды.

Қасым хан мемлекеттің қоғамдық өмірінде қарама-қарсы қайшылықтарды болдырмау үшін бірқатар заң шығарды. Оның заңдары «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен осы күнге дейін ел аузында айтылып келеді. Бұл заң жазбаша түрде сақталмаған.

Соңғы кездегі ғылыми зерттеулерге қарағанда бұл заңға мына ережелер енген:

1) мүлік заңы;
2) қылмыс заңы;
3) әскери заң;
4) елшілік жоралары;
5) жұртшылық заңы;

Қасым ханның осы заңдардың орындалуын қатаң талап етудің арқасында Қазақ хандығының күш-қуаты артып, қуатты мемлекетке айналды.

Есім хан 1598–1628 билік құрды. Өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасым ханның заңдарын іс жүзінде қолданды. Қасымның заңы Есімнің арқасында сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірілді, соның нәтижесінде бұл заң халық арасында кеңінен тарады. Заң жиынтығы Есім ханның құрметіне «Есім ханның ескі жолы» деп аталды.

Бұл заң ережелері жермен, малмен байланысты материалдық тарап-арыз, қылмыстық іс, әйелдердің жағдайы, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар, кедейлерге көмектесу және т.б. туралы мәселелерді қарады.

**Дұрыс жауап саны: 3**

A. Есім хан 1598–1628 билік құрды.
B. Қасым сұлтан – 1511 жылдан бастап хандық билікті қолына алды.
C. Қасымның заңы Есімнің арқасында сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірілді.
D. Бұл заң жазбаша түрде сақталмаған.
E. Бұл заң жиынтығы Есім ханның құрметіне «Есім ханның ескі жолы» деп аталды.
F. Қазақ хандығының күш-қуаты артып, қуатты мемлекетке айналды.

**2 тапсырма**:
«Венн» диаграммасы бойынша «Есім ханның ескі жолы» мен «Қасым ханның қасқа жолын» салыстырып жаз




Тақырыбы: Заң және заман

**1 тапсырма**:
**Мәтіннен 5 ырықсыз етісі бар сөйлемдерді тап.**

Әр адам өз құқын біліп, заң саласынан хабары болғаны дұрыс. Заң қоғам мүшелерінің құқығының заң негізінде қорғалуын қамтамасыз етеді. Заңды білген кез келген азамат өз құқығын кез келген жерде заң талаптарына сүйене отырып қорғай алады, заңның бұзылуына жол бермейді және өзіне жүктелген міндетті орындайды. Заңды білу – заман талабы. Заңның мықтылығы – атында емес, адалдығы мен әділдігінде. 1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясының жобасы әзірленді. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциямызға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
XV ғасырдың орта шенінде қазақ тарихында тұңғыш рет құқықтық ғұрыптар мен нормалар бір жүйеге келтірілді. Ол «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Қасым ханнан кейін қазақ қоғамының құқықтық жүйесін дамытуға айтарлықтай үлес қосқан Есім хан болды. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын жаңа заңда

әскери тәртіпті бұзушыларға қолданылатын жазаны күшейтті. Қазақтың құқық жүйесіне үшінші және соңғы рет елеулі өзгерістер енгізген Тәуке хан болды. Бұл құқық нормалары жазба түрінде сақталып, жүздеген жылдан кейін де мінсіз күйде қағазға түсіру мүмкін болған. Бұл заң «Тәуке ханның жеті жарғысы» деп атаған.

**Дұрыс жауап саны: 3**

A. XV ғасырдың орта шенінде қазақ мемлекетінің негізі қаланды.
B. Бұл құқық нормалары жазба түрінде сақталып, жүздеген жылдан кейін де мінсіз күйде қағазға түсіру мүмкін болған
C. Тарихта тұңғыш рет құқықтық ғұрыптар мен нормалар бір жүйеге келтірілді.
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Мен саған сенемін» әдісі**<br>Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір - бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін...» өйткені сен жақсы адамсың. | | Түрлі – түсті доптар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |
| **1 тапсырма**:<br>Өлең жолдарымен жауап бер. | | | | |

Бабалар кімдердің бостандықта және тәуелсіз өмір сүруін аңсады?

Қазақстаным жасыл орманым,
Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау асыл арманың.
Арайлап таңым, асқақтап көгім,
Əн ойнап көгім, күй тартты елім.
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,
Жасай бер, жаса, Қазағым менің!
Ұрпақ үшін, ел үшін,
Атамекен жер үшін.
Берекең мен бірлігің,
Таси берсін ырысың.

**2 тапсырма**:
«Елім деп соғады жүрегім» эссе жаз

**3 тапсырма**:
Сұраққа жауап бер. Өлеңде кімді сағынып келе жатыр?

| | |
|---|---|
| ***Айналдым, елім***<br>Сөзі: Сағи Жиенбаев<br>Əні: Ескендір Хасанғалиев<br>Сағындым сені, сағындым белді,<br>Көкорай шалғын, қоғалы көлді.<br>***Қайырмасы:***<br>Жайқалған көгі, жазира далам,<br>Алыстан аңсап келемін.<br>Айналдым елім, аяулым менің,<br>Сағындым сені, туған жер.<br>Жағасы жайлау, даласы көркем,<br>Аспаны биік, армансыз өлкем.<br>***Қайырмасы:***<br>Нұрындай күннің, гүліндей қырдың,<br>Сағындым сені, балауса құрбым.<br>***Қайырмасы:*** | Дұрыс жауап саны: 2<br>Елін, туған жерін сағынып келе жатыр.<br>Ата-анасын сағынып келе жатыр.<br>Кішкентай кезінде бірге ойнаған құрбысын сағынып келе жатыр.<br>Аға-жездесін сағынып келе жатыр.<br>Көршісін сағынып келе жатыр. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>«Ассоциацияның көмегімен көрініс Қатысушылар өздерінің есімдерімен қоса бір затты (пикникке алып шығатын немесе қызығушылығына байланысты) ұйқастырып айту керек. Мысалы: Есімім – Жантас, ұнататын сусыным – квас; Есімім – Жанар, ұнататын жемісім – анар т.с.с. |  | бағалау парақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуларына болады. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Шетелге сапар | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Сиқырлы сөздер» ойыны**<br>Мұғалім кез - келген өтінішті айтады, ал оқушы оны әдепті түрде айтуы керек. Мысалы: Айнаш, дәптерді бер. «Айнаш, өтінемін дәптерді берші» | | Түрлі – түсті доптар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Ізеттілік туралы ертегі тыңдау. | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
***Қазақстан азаматтары шетелге шыққанда қандай ережелерді білу керек?***
Басқа мемлекеттің аумағына кіру үшін виза керек. Оны алу үшін сол мемлекеттің Қазақстандағы дипломатиялық өкілдігіне өтініш жасайсыз. Консулдық мекемесіне өтініш жасай аласыз. Жақсы білетін турагенттік арқылы алдын ала (1-2 ай бұрын) өтініш жасай аласыз. Визаны алмай тұрып, жол жүру билеттерін алудың қажеті жоқ.
Виза алғаннан кейін ондағы мәліметтердің дұрыстығын: төлқұжатыңыздың нөмірін, атыңыз бен тегіңізді, туған күніңізді, визаның санаты мен мерзімін, шет мемлекетінде қанша күн болуға рұқсат берілгенін тексеріңіз. Есіңізде болсын, басқа бір адамның визада жіберген қателігінен шет елге кірген кезде де, сол жерде жүрген кезде де қиындықтар тууы мүмкін.

Дұрыс жауап саны: 5

- Паспортымның нөмірін тексеремін.
- Ұялы телефонымның байланысын тексеремін.
- Аты-жөнімнің дұрыс жазылғанын тексеремін.
- Виза қанша мерзімге берілгенін тексеремін.
- Уақыттың қанша болғанын қараймын.
- Жеке куәлігім мен визадағы мерзімдердің сәйкестегін тексеремін.
- Шетелде қанша күн болуға рұқсат берілгенін қараймын.
- Туған күнім, жылымның дұрыс жазылғанын тексеремін.

**2 тапсырма**:
Осы мәтін бойынша екі құрбының диалогін құрастыр.

*Шетелге не апарамын? Елімнің мәдениетін қалай шетелдіктерге көрсетемін? Абайдың өлеңдерін шетел тіліне аударылған апарсам ба екен? Әлде елімнің көркем жерлерінің суреттерін жинақ етіп сыйласам ше? Мен жақсы ән айтамын. Қазақ билерін де билеймін. Иә, әртүрлі шараларға жан-жақты дайын болып барған жөн*

____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>«Атаулар туралы үш сұрақ»<br>Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы |  | бағалау парақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:<br>1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?<br>2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?<br>3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?<br>Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.<br>Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Жол жүру ережелері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. | |

| | |
|---|---|
| | Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Ең жақсы» ойыны**<br>Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топқа мынадай нұсқау беріледі. Берілген мінездеме қай мамандыққа сай екендігін айту қажет. Ең ақшалы, ең жасыл, ең тәтті, ең күлкілі, ең ұсқынсыз, ең қарым - қатынасы күшті, ең жауапты, ең салмақты | | Түрлі – түсті доптар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Өзіңнің іні-қарындастарыңа, достарыңа, бауыр, сіңлілеріңе кеңес жаз

| | |
|---|---|
| Мұқият, асықпай, ойланып, ұялы телефонға алаңдамай | |
| Тез, ойланбай, асығып, жүгіріп, жүргізушіге сенім артып | |

**2 тапсырма**:
Тұйық етістіктерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құра. Мысалы: Жол жүру ережелерін жақындарыңа, достарыңа үнемі ескерту орынды. Қауіпсіздік белбеуін тағу міндетті. ____
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
___
Қажетті тұйық етістіктер: ескерту, тағу, сақтандыру, аладату, ашу, шығару, кию, кию.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>**«Ашық және Жабық сұрақтар»**<br>Жабық сұрақтар пайдалы болуы мүмкін, алайда олар абстрактілі ойлау, талқылау дағдыларын қолдануға септігін тигізбейді және аса түсінікті болмайды. Ашық сұрақтар керісінше әсер етеді, сол арқылы оқу үдерісін жақсартады. Мысалы, Сіз өткен кеште бір жаққа шықтыңыз ба? Сіз кеше мектептен кейін не істедіңіз?<br>Жұмыс үлгісі:<br>Оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді модельдеуге көмектеседі. |  | бағалау парақтары |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Сақтықта қорлық жоқ | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Жағдайлы волейбол» ойыны**<br>Мұғалім әділдік пен әділетсіздікті көрсететін жағдайларды айтады, сол арада дұрыс жауапқа бала допты қағып алады, бұрыс жауапқа қағып алмайды. | | Түрлі – түсті доптар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |
| **1 тапсырма**:<br>«Сауысқаннан сақ бол» мақалының мағынасы. Сұрақтардың орнына сөздер қой.<br>Сауысқан – (қандай?) құс. Сауысқанды (қандай?) деп те атайды. Кішкентай құстарға қауіп төнсе, оларға (қалай?) дауыс береді. (қашан?) үйдің жанына (не?) | | | | |

келіп шықылықтаса, қонақ келеді деп болжаған. Орманның (қандай?) құсы деуге де болады. Ағаштарды (неден?) тазалайды. Сақтығы сонша, орнын тез (не істейді?).

Қажетті сөздер: санитар, шықылықтап, өте сақ, хабаршы құс, құрттардан, сауысқан, ауыстырады, ертеде.

**2 тапсырма**:

«Сақ бол» сөзінің синонимі «абай бол». Осы сөздерді кезек-кезек қолданып, диалог құрастыр.
Мысалы: – Жаңа жылдық отшашуды жаққанда сақ бол. – Көшеден өткенде абай бол.

_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>**«Аяқталмаған сөйлем» тәсілі**<br>«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.<br>Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:<br>- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>- бүгін сабақта қуантқаны.....<br>- мен өзімді.... үшін мақтар едім.<br>- маған ерекше ұнағаны.....<br>- сабақтан соң маған ....... келді.<br>- бүгін маған......... сәті түсті.<br>- қызықты болғаны.....<br>- ......қиындық тудырды.<br>- менің түсінгенім.....<br>- енді мен ..... аламын. |  | бағалау парақтары |

| | |
|---|---|
| Бөлім | |

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Көшпелілік | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Кездесу» ойыны**<br>Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама – қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір - біріне қарап, баланың қасиетін айтады. | | Түрлі – түсті доптар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.
Көшпелілік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан даму жүйесі. Көшпелілер тайпалық одақтар құрды. Эволюциялық жолмен дами бастады. Көшпелілер мал жаюдың тәсілдерін жетілдірді. Егін егіп, игерілмей жатқан жерлерді пайдаға асырды. Мал бағу, аң аулау, балық аулау, егін егу көшпелілердің үйреншікті ісіне айналды.
Көшпелілерде туысқандық, рулық байланыстар аса құнды болып есептелінді. «Атақоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті болды. Көшпелілер үшін қоршаған орта киелі таулардан, өзендер мен көлдерден, ата-бабалары жатқан жерден басталады.

Көшпелілер климат ерекшеліктерін ұтымды қолданған. Орманды-далалы алқапты, таулы өңірді қыстау ретінде пайдаланған. Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана көшпелілердің материалдық игілігін қалыптастырды. Табиғатпен үйлесімде өмір сүрген көшпелілерде рухани дүниесі бай, қиялы жүйрік, қиындыққа мойымайтын дала перзенттері қалыптасты.
Көшпелі қауымдастықта қоғам тіршілігіне қажетті барлық мамандық иелері болды. Олар ұста, өрімші, атбегі, құсбегі, балгер. Көшпелі қазақ қоғамында темір ұсталардың дүниесін қасиетті санаған. Қару-жарақ, еңбек құралдарын темір ұсталары жасаған. Өрімші киіз үйдің ағаш сүйегін, ат әбзелдерін жасаған. Атбегі ат баптаған, құсбегі құс баптаған. Балгерлер ем жасаған. Әнші, күйшілер халық көңілін көтерген. Шешендер ел дауын шешкен.

| | |
|---|---|
| Мәтін не туралы? Көшпелілер дегеніміз кімдер? | Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана көшпелілердің материалдық игілігін қалыптастырды. Табиғатпен үйлесімде өмір сүрген көшпелілерде рухани дүниесі бай, қиялы жүйрік, қиындыққа мойымайтын дала перзенттері қалыптасты. |
| Көшпелілердің материалдық игіліктері қалай қалыптасқан? | Мәтін көшпелілер туралы. Көшпелілер-көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан даму жүйесі |
| Көшпелілер өмірінде маңызды рөл атқарған кәсіптер қазіргі кезде де сақталды ма? | Атадан мұра болып қалған кәсіптер қазір де жалғасын табуда. Халық атбегілік, құсбегілік кәсібімен айналысады. Киіз үй құрылымын бүгінгі заманға сай қолдануда. Темір мен ағаштан жасалған түрлі бұйымдар қолданыста. Әнші, күйшілер халық әндерін орындайды. |

**2 тапсырма**:
«Көшпелілік» туралы түсінгеніңді өз сөздеріңмен жеткіз.

Көшпелілік

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>«Әңгімелесетін әріптестер»<br>Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен: |  | бағалау парақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | • жаңа оқылған 3 факті туралы;<br>• оларға жеңіл болып көрінгендер туралы<br>• оларға қиын болып көрінгендер туралы<br>• алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.<br>. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Көшпенділер мәдениеті | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Сиқырлы жұмыртқа» ойыны**<br>Әр оқушы жұмыртқа бейнесінде берілген формаларға жаңа зат пайда болатындай етіп, аяқтап сурет салады. | | Түрлі – түсті доптар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:

***Көшпенділер мәдениеті***

Кең далада жүрген ежелгі қазақ халқының ең салтанатты шеруінің бірі – көшіп-қону. Ата-бабаларымыз көш көліктеріне түйені, жылқыны, өгізді пайдаланған. Көшті көпті көрген, жолды білетін, орта жастан асқан азамат бастаған. Одан кейін ауыл ақсақалдары жүріп отырған. Ақсақалдардан кейін ауыл аналары салт жүріп отырған. Жастар соңында жүріп отырған. Қазақтар салтанатты шерумен көшкен. Көшкенде жұртын тазалап, ақ тамызып кеткен. Көш осылай жалғасып отырған. Бұл да көшпелілердің сыйластық мәдениетін сақтағанын көрсетеді. Амандасу мәдениеті де ерекше болған. Ер адамдар қол беріп амандасқан. Жастар үлкен кісілердің қолын түсірмей, алақанында қысып амандасқан. Әйел адамдар бас изеп амандасқан. Жас әйел адамдар иіліп сәлем берген. Көшпенді халық қалыптастырған мәдениет жалғасын тауып келеді.

| | |
|---|---|
| Мәтін не туралы? Көшпенділерде қандай мәдениет қалыптасқан? | Жастар үлкендерге ерекше құрметпен амандасқан. |
| Көшпелілер үшін көшіп қону қандай салтанат? | Көшпенділер үшін көшіп-қону ерекше салтанатпен өткен. |
| Амандасу мәдениетінің ерекшелігін айт. | Көшпенділерде рухани және материалдық мәдениет қалыптасқан. |

**2 тапсырма**:

Берілген қажетті сөздермен сөйлем құрастыр.

___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

Қажетті сөздер: атқа міну мәдениеті, шаңырағың биік болсын, рухани мәдениет, салтанатты шеру, зергерлік бұйымдар, көшпенді халық.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br><br>«Әріптер мен сандар» Қатысушыларға мұғалім қалаған әріп не сан айтады. Қай топ 10 санағанша, әртүрлі тәсілмен бірінші құрастырып болса, солар жеңімпаз. Сергіту кезінде немесе жағымды ахуал |  | бағалау парақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | туғызу сәтінде қолдануға болады. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақтың халық күнтізбесі | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | <u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br><u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br><u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Өкпені еріту» жаттығуы**<br>Тып - тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз. Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін, бұрын ренжітсін, қазір өмірде бар болсын, әлде өмірден өтіп | | Түрлі – түсті доптар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | кетті ме, оған мән бермеңіз. Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы, жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек. Оны бақытты деп біліңіз. Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз. Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз. Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз. Бақытты, күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз. Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз. | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Айтылатын ойға тірек болатын сөздерді пирамидаға төменнен жоғарыға қарай орналастыр.
Қазақтың халық күнтізбесі – табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибесінің қорытындысы. Жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы. Табиғат құбылыстарының қайта айналып келуін, күн мен түннің, жыл мезгілдерінің (жаз, қыс, күз, көктем) алмасуы, жаңа айдың тууы мен толуын, жұлдыздардың орналасу тәртібін мұқият бақылап, есептеп, ұғынудың қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы үшін маңызы зор болды.
Қазақтар байырғы күнтізбе арқылы уақытты, мезгілді бақылап отырған. Жайлауға қай уақытта көшу, күзеуге және қыстауға қай уақытта қайту, қой мен қозыны қырқу, мал төлдету, соғым сою, егін егу, шөп шабу секілді шаруашылық жұмыстарын жүргізу мезгілдерін есептеп отырды. Бұл есептен жаңылу шаруашылыққа зиянын тигізуі мүмкін. Мысалы, мал төлдетуге дайындық ісі ерте қолға алынса – мал суық айларда төлдеп шығынға ұшырайды, кеш басталса – қой қысыр қалады немесе төл кенже туып, жетіліп үлгермей қыс түседі. Мұндай жайттар уақыт есебін мұқият білуді, айналадағы табиғат құбылыстарын қатаң бақылап отыруды қажет етті. Табиғат құбылыстарын, қоршаған ортаны, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көпжылдық тәжірибесінде жинақталған, қорытылған, зерделенген астрономиялық құбылыстар мен білімдер жүйесінің негізінде қазақ күнтізбесі қалыптасты. Бұл күнтізбе кең далада мал бағуға, көшіп-қонуға, жол жүруге, аң аулауға, төрт құбыласын айыруға, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап бағыт-бағдарды ажыратып, өткел, суат, қоныс, құдықтарды адаспай табуға көмектесті. Халық арасында ауа райын болжайтын және уақыт есебімен шұғылданатын арнайы есепшілердің білім-тәжірибелері атадан балаға мирас болып отырды.
Есепшілер көптеген ұрпақтардың білім тәжірибесін жинақтап, жыл сайын табиғат құбылыстарына бақылау жүргізіп, күн райын болжады. Олар қазақ күнтізбесінің толық жыл есебін жүргізді, маусымдық жұмыс кезеңдерін белгіледі, қыстың қандай болатыны туралы болжам жасады. Әр айдағы ауа райының шұғыл бұзылатын кезеңдерін, яғни үш, бес күндік амалдарды алдын-ала болжап, жұртқа хабарлап отырды. Сонымен қатар қазақ қауымы

планеталарды, жұлдыздарды жаңылыспай таныған. Олар жайында өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарған.

- Қазақ күнтізбесі
- Халықтың көпжылдық тәжірибелерінің қорытындысы
- Байырғы қазақ күнтізбесі
- Табиғат құбылыстарын бақылаудан туған
- Табиғат, астрономиялық түсініктер туралы білімдер жинағы

**2 тапсырма**:
«Қазақтың халық күнтізбесі туралы не білесің» тақырыбына эссе жаз. Төмендегі сұрақтардың жауабын тапсың, эссе жазу жеңіл болады.
1) Қазақ күнтізбесі ненің жинағы?
2) Неге қазақ күнтізбесінің маңызы зор болған?
3) Қазақтың байырғы күнтізбесі нені бақылап отырған?
4) Есептен жаңылысу неге қауіпті болған?

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>**«Балалар философиясы»**<br>Тақырыппен таныстырып, үдерісті түсіндіріңіз. Оқушыларға ынталандыру материалдарын толығымен қарауға бірнеше минут беру керек. Оқушылар шеңберге оралғанда, жауап беруі тиіс тақырыпқа/пәнге қатысты сұрақтарды ойластыру үшін, оларға бір-екі минут беріледі. Осылайша дауыс беру және сұрақтарды талқылау анықталады. Мұғалім сұрақтарды дұрыс құра отырып, дамытатын сұрақтар қойып немесе әр оқушының қатысуын қамтамасыз ету үшін топпен бірге әрекет ете отырып, делдал ретінде қатысады.. |  | бағалау парақтары |

| | |
|---|---|
| Бөлім | |
| Педагогтің аты-жөні | |
| Күні: | |

| | | |
|---|---|---|
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | І. Есенберлин «Көшпенділер» романынан үзінді |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**Жағымды сөздер.**<br>Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Жүргізуші жағымды сөздер айта отырып, кез келген біреуге доп лақтырады. Допты алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез - келгенін таңдайды да, оған өз жағымды сөзін айтады, ойын жалғаса береді. Жағымды сөздер қысқа бір сөзден тұрса болады. | | Түрлі – түсті доптар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

<table>
<tr><td></td><td>бағытталған<br>оқыту ортасын құрады</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="5">

**1 тапсырма**:
Мәтінді оқып шығып, Бұқар жыраудың Абылай ханның түсін жорығында, кімдер туралы айтқанын сызбаға қарап болжап көр. «Аяқ жағында тұрған үрім-бұтағыңның ішінен бірі құран оқып, бірі қанжар қайраса, Уәлидің ұрпағынан шыққан бір тұқымыңның аты қағазда, ал Қасымнан туған бір балаң атағын майданда қалдырады екен».

Абылай – Уәли – Шыңғыс – Шоқан – Абылай – Қасым – Кенесары

____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

</td></tr>
<tr><td colspan="5">

**2 тапсырма**:
«Көшпенділер» трилогиясы қандай романдардан тұрады?

1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1974 жылы «Жанталас» романдарын жазып, жарыққа шығарды. Кейін бұл үш роман біріктіріліп, «Көшпенділер» деген атпен трилогия болып басылып шықты.

- «Маңғыстау майданы», «Аманат», «Аққу құстың қуанышы»
- «Алтын Орда», «Айқас», «Қатерлі өткел»
- «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар»

</td></tr>
<tr><td>Сабақтың аяғы</td><td>Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату</td><td>Өзін-өзі бағалау<br><br><br>«Батискаф»<br>(Су астын байқайтын құралдармен жабдықталған, өз бетімен қозғалу қасиеті бар терең су камерасы.)<br>Екі топ бір-біріне кезекпен сөздер жасырады. Топтың бір оқушысы қимылмен өз тобына жасырылған сөзді жеткізу керек.</td><td>
</td><td>бағалау парақтары</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Сәлемдесу» ойыны:**<br>Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір - бірлеріңмен тез - тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. | | Түрлі – түсті доптар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Кестені толтыр.

| Сөз тіркестері | Синоним | Антоним |
|---|---|---|
| Антқа адал болу | | |
| Ұжымдық жауапкершілік | | |
| Опасыздық жасамау | | |
| Бұйрықты сөзсіз орындау | | |

**2 тапсырма**:
Мәтін не туралы?
Әскерлер негізгі үш жікке бөлінген: соғысатын әскер, басқару қызметі, шаруашылықпен айналысатын әскер. Әскери бөлікке жауынгерлер, батырлар, сардарлар жатқан.

A. Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери өнері туралы
B. Патша әскерінің әскери өнері туралы
C. Көшпенділердің әскери өнері туралы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>**«Баяндама» әдісі**<br>Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан |  | бағалау парақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақтың соңғы ханы («Көшпенділер» романынан үзінді) | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | <u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br><u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br><u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. | | Түрлі – түсті доптар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Психологиялық ахуал орнату | **«Кім, нені жақсы көреді?» жаттығуы.** Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орнынан тұрсын…Кім өзін батырмын деп есептейді?… Кім сары түсті жақсы көреді?… Кім көп тамақ жегенді жақсы көреді?… Кім айнаға қарағанды жақсы көреді? т. б. сұрақтар қоюға болады. | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Кестені толтыр.

| ***Білу***<br>Мәтін не туралы? | ***Түсіну***<br>Кенесары кім үшін ерлік жасап, басын өлімге тікті? | ***Қолдану***<br>Кенесары ханның көтерілісіне қандай баға бересің? |
|---|---|---|
| | | |

***Қажетті сөйлемдер:***

A. Мәтінде Кенесары хан үш жүздің басын қосқысы келді. Ұлт-азаттық қозғалысын бастады. Жауына ұстатпай, қазақ даласын мекен етті.
B. Кенесары ханның көтерілісі тарихта Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрес ретінде қалды. Кенесары – тарихи тұлға, ұлт азаттық қозғалысының көсемі.
C. Кенесары ұрпақтарының тәуелсіз өмірі үшін күресті. Ұрпақтары үшін өлуге де дайын болды. Ұрпақтарының өзін айтып жүретініне сенімді болды.

**2 тапсырма**:
. «Қаһар» сөзіне синквэйн дайында.
1) 1 Зат есім. ____________________
2) 2 Сын есім. _____________________________________
3) 2 Етістік. ___________________________________________
4) Сөйлем. ______________________________
5) Синоним. _____________________

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>**«БББ» әдісі** |  | бағалау парақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жаңа тақырып бастар алдында оқушылар үш бағаннан тұратын сурет салады - Олар нені біледі? Олар нені білгісі келеді? Олар нені білді? Миға шабуыл өткізгеннен кейін оқушылар алғашқы екі бағанды толтырады және бөлімді оқып біте бастағанда, үшіншіге қайта оралады (немесе бөлімді оқу барысында толтыруы мүмкін). Ұсыным: «Қалайша оқып-үйренетін боламын?» деген қосымша баған қосуға болады. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Атжарыс, ат спорты | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. | | Түрлі – түсті доптар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Психологиялық ахуал орнату | **«Сантики, Фантики, Лимпопо».** Барлығы шеңбер бойымен тұрып, бір баланы таңдайды да бөлменің сыртына шығарады. Шеңбердегі балалардың ішінен бір баланы жүргізуші етіп сайлайды, ол шенбердегі балаларға қозғалыстарды көрсетіп тұрады. Барлық ойыншылар жүргізушінің артынан көрсеткен қимылдарды қайталау керек. Қимылдарды қайталаған кезде жүргізушіге қарамай, білтіртпей жасау керек. Шеңбердегі балалар шапалақ ұрып, «САНТИКИ, ФАНТИКИ, ЛИМПОПО» деп айтып ойынды бастайды. Бөлме сыртында тұрған бала ойыншылардың дауыстарын естіп, бөлмеге кіреді де шеңбердің ортасына тұрып, кім жүргізуші екенін табу керек. Егер жүргізушіні тапса, жүргізуші есіктің сыртына шығады. Ойын сол ретімен жалғасып отырады. | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Атқа байланысты айтылған тұрақты сөз тіркестерін синонимдерімен сәйкестендір

| | | |
|---|---|---|
| Ат жалын тартып мінді | | Алыс жер |
| Ат мінгізіп, шапан жапты | | Көңілсіз |
| Ат үсті қарау | | Азамат болды |
| Ат шаптырым жер | | Жиі келді |
| Аты бәйгеден келгендей қуанды | | Құрмет көрсетті |
| Ат ізін суытпай келіп тұрды | | Қуанды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2 тапсырма**:<br>Жылқы малын ең алғаш қолға үйреткен қай халық?<br><br>Біздің ел ертеден-ақ жылқы баққан,<br>Қолға алғаш үйретіп, ноқта таққан.<br><br>A. Көшпелілер жылқыны қолға үйретіп, асауды бағындырған.<br>B. Арабтар тұлпарды ең алғашқолға үйреткен.<br>C. Ағылшында жылқы малын XVII ғасырдан бастап қолға үйреткен. | | | | |
| Сабақтың аяғы | Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру<br><br>Кері байланыс орнату | Өзін-өзі бағалау<br><br>**«Блиц кездесу» әдісі**<br>Екі әріптес біреуі тақтаға, ал екіншісі қарама-қарсы жаққа қарап отырады. Бірінші қатысушыда келесі әріптесіне өтпей тұрып, төменде келтірілген негізгі сөзді(дерді) түсіндіру үшін бар-жоғы 30 секунды бар – мұғалім түсіндіру үшін негізгі сөзді мысал ретінде келтіреді. |  | бағалау парақтары |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім | | |
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Демократия және дәстүрлі қоғам заңдары | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Шағын көркем шығармалардың мазмұнын түсіну арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мәтін бойынша жүйелі ой-пікір тұжырымдау.<br>Қарым-қатынас жағдайына бағытталған сөйлеу іс-әрекетінде тілдік бірліктерді қолдануға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады.<br>Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.<br>Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу<br><br>Психологиялық ахуал орнату | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.<br><br>**«Қолдағы хат» әдісі**<br>Әрқайсысы өзіне серігін таңдап, қарама - қарсы тұра қалады. Бойы ұзындау бала,  көзін жұмып тұру керек. Егер бойлары бірдей болса, кімнің жасы үлкен (туған күні 1 - 2 айға ертерек) бала көзін жұмады. Көзін жұмып тұрған бала қолын алға созып тұрады. Көзі ашық бала соның алақанына хат жаза бастайды, жеке тұрған баспа әріптерді. «Соқыр» ойыншы сол әріптерді табуға тырысып, не оқығанын айтып беру керек. Бір әріпті жазғаннан кейін клесіні жазар алдында бұрын жазылған әріпті өшіріп тастап отыру керек**.** | | Түрлі – түсті доптар |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған<br>оқыту ортасын құрады | Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды | | |

**1 тапсырма**:
Ақпараттың дұрыс немесе бұрыс екенін аньқта.

- Билік ұғымының қазақи санада бір ғана мағынасы болды.
- Билік ұғымы билік айту, билік құру мағынасында қолданылды.
- Дәстүрлі қазақ қоғамында халық билігі маңызды болмаған.
- Халық билігі дегеніміз – демократия.
- «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» деп Әйтеке би өсиет айтқан.
- Қазақ қоғамындағы билер – көбінесе сот қызметін атқарған.

**2 тапсырма**:
Мәтіннен ырықсыз етісі бар сөйлемдерді тап.

Билік ұғымының қазақи санада бірнеше мағынасы болды. Билік ұғымы кең мағынада қамқорлықпен, парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылады. Ол бағыт-бағдар беру, жол көрсету ретінде түсіндірілді. Екіншіден, бұл ұғым билік айту, билік құру мағынасында қолданылды, яғни ақыл беру, кеңес беру, бірлесіп ортақ шешім шығару дегенді білдіреді. Сондай-ақ сот жағдайларында да бұл ұғым кең қолданылады. Үшіншіден, ел басқару мүмкіндігіне ие болу, халыққа басшылық жасау, билік орнату дегенді білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында халық билігі өте маңызды рөл атқарған. Халық билігі ұғымы хан билігі, сот билігі, әскери билік ұғымдарымен қатар мемлекеттік билік түсінігін құрайды. Демократия – халық билігі. Қазақ даласында да демократияның өзіндік ерекшеліктері болған. Халық билігі ең алдымен құқықтық принциптерден көрініс тапқан. Оны Төле бидің: «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» – деген өсиетінен байқауымызға болады. Қазақ даласында билер билігі де елеулі рөл атқарған. Олар көбінесе сот қызметін атқарған, яғни мал-мүлік дауын, жер дауын, жесір дауын, ар дауын, жан дауын шешуге, билік айтуға тырысқан. Бидің қазақ қоғамындағы орны ханнан да жоғары болатын.

**Дұрыс жауап саны: 3**

- Бидің қазақ қоғамындағы орны ханнан да жоғары болатын.
- Олар көбінесе сот қызметін атқарған, яғни мал-мүлік дауын, жер дауын, жесір дауын, ар дауын, жан дауын шешуге, билік айтуға тырысқан.
- Екіншіден, билік ұғымы билік айту, билік құру мағынасында қолданылды.
- Ол бағыт-бағдар беру, жол көрсету ретінде түсіндірілді.
- Билік ұғымы кең мағынада қамқорлықпен, парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылады.
- Демократия – халық билігі. Қазақ даласында да демократияның өзіндік ерекшеліктері болған.
- Сондай-ақ сот жағдайларында да бұл ұғым кең қолданылады.
- Билік ұғымы кең мағынада қамқорлықпен, парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылады.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
